

№ 1 пед.кеңес ХАТТАМАСЫ
25.10.2021жыл

Аксукент ауылы

Менгеруші м.у.а
Пед.кеңес хатшысы

- А.К.Айбекова
- А. Азимбаева

Қатысқандар: Тәрбиешілер мен педагогтар -29

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Аттестациядан өтетін педагогтарды бақылау
2. Өр түрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. 1-ші мәселе: Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша менгерушінің м.у.а. А.Айбекова сөз алып Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 29 ақпанда № 13317 болып тіркелді.
Педагог қызметкерлерд аттестация ережесімен таныстырып өтті. Аттестациядан өтетін педагогтер тізімі жасалды. Тесттен өткен жағдайда портфолио құжаттары да сай келу керек екенін ескертті. Бөбекжайдың, балалардың жетістігі тәрбиешілер мен бөбекжай аттестациясы үшін өте үлкен роль атқарады. Сол үшін де білім бөлімінен келген байқаулардың барлығына қатысып, жүлделі орын алуға тырысайық- деп сөзін аяқтады.

Шешім:

1. Аттестациядан өтетін педагог қызметкерлер тест тапсырмасымен бірге портфолио құжаттары да жинақталсын. Құжаттары толықтырылсын.

Менгерушінің м.у.а:

Хатшы:



А.Айбекова

А.Азимбаева

№ 2 педкеңес ХАТТАМАСЫ

Ақсукеңт ауылы 22.11.2021жыл

Менгеруші - Р.И.Айтжанова
Пед.кеңес хатшысы - А.А.Азимбаева

Қатысқандар:Тәрбиешілер мен педагогтар -28

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен пед.кеңес шешімінің орындалуы.
2. Аттестациядан өтетін педагогтерді бақылаудың қорытындысы.
3. «Педагогтың қабілетті сөйлеуі»
4. Педагогтың сөйлеуінің тәрбиелік және білім берушілік әсері.

Тыңдалды:

1. Аттестациядан өтетін педагог қызметкерлер тест тапсырмасымен бірге портфолио құжаттары да жинақталуда. Құжаттары толықтырылуда.
2. Аттестациядан өтетін пед қызметкерлер өз дәрежесінде жұмыстарын атқаруда.

Жалпыға бірдей орта білім беру ісіне көшу өсіп келе жатқан ұрпақты коммунистік рухта тәрбиелеуде орта мектептің ролін күшейтуге объективтік мүмкіндік тудырады. Сондықтан тәрбие процесін үнемі жетілдіріп отыру әрбір педагогикалық коллективтің, әрбір мектеп басшысының көкей тесті қамқорлық ететін ісіне айналуға тиіс.

Бөбекжай балаларын оқыту және тәрбиелеу міндеттері тек ҰОҚ ғана шешілмейді, сонымен бірге ҰІӨ тыс жүргізілетін жан-жақты жұмыс процесінде де шешіледі. Топ пен топтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмысы өзара тығыз байланысты, біртұтас болуы қажет, өйткені ҰІӨ және ҰІӨ тыс уақытта өсіп келе жатқан ұрпаққа коммунистік тәрбие берудің жалпы міндеттері, ең алдымен оның негізгі міндеті – сөйлеу техникасының толық жетілуі.

Еліміздің мектептерінде, жоғары оқу орындарында ең алдымен қаралатын мәселе – дұрыс сөйлеп, айтайын деген ойын толық жеткізу. Оларға қойылатын басты талап: олардың жұрт алдында сөйлегенде, дауыс ырғағы құбылмалы болып, алдындағы тыңдап отырған көрермендердің ойынан шығу.

Педагогикалық ринг: «Педагогтың сөйлеуі балаға сауаттылық секілді»

Тәрбиеленушілермен қарым-қатынас тұрғысынан педагогикалық әдеп тәрбиешінің идеалдық сенімін, жүріс-тұрыс мәдениетінің, жалпы және арнаулы білімінің, мамандығына байланысты ізденіс жемістері қордың жиынтығы іспетті. Шебер педагог болмай тұрып, әдепті педагог болмақ жоқ. Педагогикалық әдеп мөлшеріне темпераменті мен мінез құлқына т.б ерекшеліктеріне байланысты. Педагогикалық әдеп әр тәрбиешінің дара қасиеті. Кейбір тәрбиешілердің тәрбиеленушілерге бірінғай әдіс тәсілдермен ықпал әсер етуі тәп-тәуір нәтиже берсе, екінші бір мұғалімдерде оның керісінше болатын жайыттары жоқ емес. Байқағыштық. Бұл педагог мамандығының маңызды белгілерінің бірі. Байқағыш тәрбиеші тәрбиеленушінің ішкі әлеміне терең үңіліп, көңіл - күйін қабағынан танып әр қайсысының

мінез - құлық ерекшеліктерімен санаса біледі Мұның бәрі оған әрбір оқушының тілін табуға, әрбір оқушының оның сезімдерімен ойларына өз сезіміндей қуанып, қабылдануына мүмкіндік береді. Байқағыш мұғалім сабақ үстінде оқушылардың қайсысы тапсырманы орындағанын, қайсысы орындаған жоқ және жаңа материалды қайсысы құлақпен тыңдап, қайсысы құлақсыз тыңдап отыр - бәрін қалт жібермейді. Мұндай тәрбиешілер ықтиярсыз көндіру тәсіліне көп жүгінбей-ақта сыныптың оқушысын өзіне тарта біледі және олардың өз- өздерін еркін ұстап, іштей ашуларына ықпал етеді. Оқушыларды қадағалау барысында тәрбиеші олардың жекеленген сұрақтарға қайтарған ауызша, жазбаша жауаптарын, олармен өткізілген арнайы әңгіменің қорытындыларын пайдалана алады.

Ілпаттылық. Әдетте, тәрбиеленушілер өте жақсы көретін тәрбиешісі өздеріне дауыс көтеріп сөйлегенде көңілдеріне ауыр алып қалады. Дауыс көтеру жазықсыз жазғыру, әділ қойылмаған баға ғана емес, мұғалімдерді көзге ілмей, өтініштерін құлақсыз, жүрдім-бардым тыңдаса да, ең болмағанда қастарына жақындап жай-жапсар білмесе де олардың көңілдеріне келеді. Тәрбиешіге қатысты бір басты сипат-ұстаздық қиал. Бұл оқушылардың даму жайын, болашағын болжау қажет. Баланың өткен өмірі жайлы мен қазіргі жағдайын терең білген оқытушыға ғана оқушының келешекте қандай адам болып шығатыны топшалай алады. А.С. Макаренко адамның келешегін болжау дейтін принцип ұсынған еді. Егер оқытушы өзін оқушы орнына қойып келешегіне көз жіберіп барлай алмаса, ол <<қиын>> баланы қайта тәрбиелемек түгіл тәрбиелі оқушының өзіне де дұрыс жолға сала алмас еді. Логикалық оймен қиысқан творчестволық қиял ғана ұстаздық талантқа тән оқушының тапқыштығы қалыптасады.

Тәрбиеші-ерекше тұлға. Өйткені ол-балалармен үлкендер әлемінің арасындағы сарапшы. Сондай-ақ ол баланың психологиялық құпияларын жетік біле отырып білім береді, оны адам болуға үйретеді. Тәрбиеші еңбегін өзінің мәнділігі бойынша ешқандай өзге еңбекпен салыстыруға болмайды, өйткені ол еңбектің нәтижесі —адам. Ең білгір, ең жауапты, ең негізгі болып табылатын сол мұғалімге отбасы мен қоғам ең қымбаттысын өз елінің азаматтарының тағдырын оның болашағын табыс еткен.

Тәрбиешілік қызмет әрбір оқушының, жеткіншек ұрпақтың, қоғам мен мемлекеттің тағдыры үшін жауап беретіндігі мен сипатталады. Бүгінгі мұғалім еңбегінің нәтижелері қандай болса, біздің ертеңгі қоғамымыз дәл сондай болмақ. Әрбір адам мен бүкіл халықтың тағдыры тәуелді дәл осындай қызметті көзге елестету қиын.

Тәрбиешілері қандай болса, қоғамы да сондай деген болжамас заңдылық ерте уақыттарының өзінде-ақ белгілі болады.

Тәрбиешілер арасында жүргізілген толып жатқан сауалнамалар нәтижелері бойынша жетекші педагогикалық қабілеттерге педагогикалық қырағылықты жатқызуға болады, ал дидактикалық, ұйымдастырушылық, экспрессивтілік басқалары қосалқы, көмекші топқа санала алады. Педагогикалық қабілеттерді (талант, икемділік, беіімділік) педагогикалық алғы шартты деп есептеуге тура келеді, алайда олар тіпті де шешуші кәсіби сапа емес. Қаншама тамаша беіімділіктерге ие болған мұғалімділікке кандидаттар педагог ретінде өзін көрсете алады, ал бастапқыда қабілеті кем қанша студенттер шынығып педагогикалық шеберліктің шыңына көтеріледі. Тәрбиеші-ол қашанда ұлы еңбеккер. Гуманизм-бұл Тәрбиеші үшін міндетті сапа, яғни өсіп жетіліп келе жатқан адамға жер бетіндегі жоғары құндылық ретінде қарым- қатынас жасау, бұл қарым- қатынасты ол нақты істермен қылықтарында көрсетіледі.

Тәрбиеші мамандығына тұлғалық сапалар кәсіби сапалардан ажыратылмайды. Кәсіби сапалар арнайы білімдер, біліктер, ойнау жолдарын әрекет әдістерін игерумен байланысты.

Шешім:

1. Әр бір тәрбиеші сөйлеуінің тәрбиелік мәнін мән беру. Биязы, сыпайы, дауыс ырғағы жағымды болуын қадағалау.

Менгерушісі:



Р.И.Айтжанова

Хатшы:



А.А.Азимбаева



№ 3 педкеңес ХАТТАМАСЫ

11.12.2021 жыл

Ақсукеңт ауылы

Менгеруші	-	Р.И.Айтжанова
Пед.кеңес хатшысы	-	А.А.Азимбаева

Тәрбиешілер мен педагогтар - 27

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Өткен пед кеңес шешімінің орындалуы.
2. Аттестациядан өтетін педагогтарды бақылаудың қорытындысы
3. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан- жақты дамуына жағдайлар туғызу.
4. Балабақшадағы сауықтыру- шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру

Тыңдалды:

1. Әр бір тәрбиеші сөйлеуінің тәрбиелік мәнін қадағалау. Биязы, сыпайы, дауыс ырғағы жағымды болуын қадағалануда. Тәрбиешілер балалармен , ата – аналармен сыпайы, мәдениетті, білімді ара қатынас жасауда. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу»- Әдіскер Айбекова сөз алды
Дені сау бала - ол, тек отбасының ғана емес барлық қоғамның бақыты мен изгі қуанышы. Ата – аналарға балаларының денсаулығын сақтау үшін, біздің балабақшада сауықтыру - шынықтыру жұмысы басым бағытпен таңдалынып алынған. Әр білім беру мекемесі балалардың денсаулығына толықтай жауап береді. Мектепке дейінгі балалар уақытының көп бөлігін балабақшада педагогтар мен медбикенің қарамағында өткізеді. Ұжым әр баланың денсаулығын сақтау мен нығайтудың алдын алу жұмыстарын белсенді жүргізеді, баланың психофизикалық дамуындағы міндеттерді шешуге, мектепке дайындау, денсаулық сақтау технологиясын кеңінен қолдануда. Сауықтыру жұмысының тиімділігі - ол білім беру ұйымының үрдісіне тәуелді болады, бала тәрбиесі мен дамуы баланың денсаулығына зиян келтірмеуі керек. Біздің педагогикалық кеңесіміз осы тақырыпты ашады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда бала тәрбиесіне қажетті алуан түрлі жұмыстар атқарылады, соның ішіндегі маңызды бір саласы дене тәрбиесі болып табылады. Дене тәрбиесі бойынша жұмыс түрлерінің балалардың денсаулығына, дене бітіміне, ойлай білу қабілетін дамытуда маңызы ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жұмысының сапасын және тиімділігін арттыру қазіргі педагогика ғылымының және қоғамның алдына қойған маңызды ісі болып табылады. Ал дене тәрбиесі арқылы баланың денсаулығын нығайту, өмірге қажетті қозғалыс дағдыларының дұрыс қалыптасуын іске асыру мемлекеттік маңызды жұмыс. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтеді.

Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмнің қызметін жетілдіру, оның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы, жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылады.

Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: ағзаның тез өсуіне және дамуына қарамастан, олардың қызметі жетілмеген, организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйек жүйелері мен байланыс буын аппаратының дұрыс әрі мерзімімен жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне ықпал жасау қажет. Барлық бұлшық ет топтарын, әсіресе, жиырмалы бұлшық еттерді қатайту, жүрек пен тамыр жүйесінің жетілуіне, оның әртүрлі және тез өзгеріп тұратын ауыртпалықтарға бейімделу мүмкіндіктерін арттыру, тыныс алу мускулатурасын қатайту, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығына, тыныс алуды қозғалыспен үйлестіру шеберлігін дамытуға мүмкіндік жасау, нерв жүйелері мен сезім органдарының дамуына көмектесу қажет.

Басты міндет, балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Баланың қозғалыс дағдысы 7 жасқа дейін қалыптасып, әрі қарай даму, шындалу қызметі атқарыла бастайды. Бала ағзасының даму мен өсу үдерісінде бұлшық еттің күші қозғалыс факторлары арқылы артады. Сондықтан да мектепке дейінгі кезеңде балардың дене тәрбиесіне ерекше мән берілу керек [1]. Дене тәрбиесі ағзаны шынықтырып, бала психикасының дамуына үлкен әсер ететін, адам ағзасының барлық жағынан жетілуіне, қимыл әрекеті мен дағдысының, білімінің қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған, көп қырлы педагогикалық іс.

Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін берудің мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз ету, өйткені бұл кезде баланың дамуына қолайлы жағдай жасалса, бала денесі тез жетіліп өседі. Мектепке дейінгі шақта бала ағзасы әлсіз, әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұра алмайды, сондықтан оны аурудан сақтап, денсаулығын нығайтуда, қимыл әрекетін дамытуда, мәдени-гигиеналық дағдысын, әдетін қалыптастыруда дене тәрбиесінің мәні ерекше.

Міне, осындай мақсат көздейтін дене тәрбиесінің негізгі міндеттері: 1) баланың денсаулығын сақтау және нығайту; 2) мәдени-гигиеналық дағдылар мен әдеттерді қалыптастыру; 3) бала денесін шынықтыру; 4) балалардың жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру сияқты негізгі қимыл әрекеттерін дамыту.

Мектеп жасына дейінгі баланың денесін шынықтыруды зерттеген белгілі ғалымдардың бірі Т.И. Осокина «...дене шынықтыруды педагогикалық ықпалмен мақсатты жүргізгенде нақты нәтижеге жетіп, бала денсаулығы нығайып, жалпы шыдамдылығы, жұмыс жасау қабілеті артып, жеке тұлға болып қалыптасып, жан-жақты дамуына әсерін тигізеді деп көрсетеді [2].

Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін беру негізіне мыналар жатады: балалар күтімі және өсуіне қолайлы мәдени-гигиеналық жағдай жасау, дұрыс жасалған күн тәртібі, тамақтандыру, дененің тазалығы, баланың жасына, ауа-райына ыңғайлы киінуі, гимнастика және қимылды ойындар ойнату, ұйқысын ұйымдастыру, серуенге шығару, күнді, ауаны, суды тиімді пайдалану.

Мектепке дейінгі «Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны төмендегідей ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің түрлері:

- дене шынықтыру;

- валеология;

- дербес қимыл белсенділігі, шынықтыру және сауықтыру шаралары, мәдени-гигиеналық дағдылар арқылы балалардың тіршілік әрекеті мен тәрбиесін ұйымдастыру арқылы жүзеге асады.

Дене тәрбиесін ұйымдастырудың бұл формалары дене тәрбиесінің жалпы міндеттеріне және баланың жан-жақты дамуына жауап бере отырып, өзара байланысты болады: олардың әрбірінің өзіндік арнаулы міндеттері бар, олар мектепке дейінгі мекеменің күн режиміндегі міндеттің орнын анықтайды.

Балабақшаның түрлі топтарындағы дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларының арақатынасы балалардың жасын және жеке басы типологиялық ерекшелігін олардың дене дайындығы дәрежесін, сондай-ақ белгілі бір топтың және бүкіл мекеменің нақты жағдайын ескере отырып, тәрбие-білім беру міндетімен анықталады.

«Денсаулық» білім беру мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде денсаулық сақтау құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған:

—өзінің дене күш-қуатының саулығын ойлауға және тіршілік іс-әрекетінің қауіпсіздік ережесін сақтауға;

- қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгеруге;
- түрлі оқиғаларға қатысты өзінің эмоциялық күйін білдіруге;

- денсаулық сақтау негіздері мен жеке бас гигиенасының дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді

Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті – балаларға дене тәрбиесі жаттығуларын жүйелі түрде үйретудің негізгі формасы. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің арнаулы міндеті барлық жастағы топтардың балаларын дұрыс қимыл-қозғалысқа үйрету мен дене қасиетін тәрбиелеу болып табылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің маңыздылығы өзара байланысты сауықтыру, білім беру, тәрбиелеу міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асыруда болып табылады, олардың орындалуы баланың дене күшінің дамуын, денсаулығының нығаюын, олардың дұрыс қимыл-қозғалыс дағдыларын игеруін, физкультура мен спортқа эмоционалды жағымды қатынасын қалыптастыруды, оның жеке басын жан-жақты қамтамасыз етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаға дене тәрбиесін беруде қимылды ойындардың орны ерекше. Қимылды ойындар бұлшық еттерді ғана іске қосып қоймайды, баланың бүкіл ағзасының, ішкі құрылысының қызметін, зат алмасуын күшейтіп, психикасының дамуына да ықпал етеді, жалпы денсаулығын нығайтады. Қимыл әрбір іс-әрекеттің негізін құрайды, тиімді ұйымдастырылған қимыл икемділікке, күштілікке, үйлесімділікке, әдемілікке баулиды, жұмыстың табысты болуын қамтамасыз етеді. Дене шынықтыруды қимыл-қозғалыс ойындары арқылы жүзеге асыру балалардың дене мүшелері мен көңіл-күйлеріне қатты әсерін тигізеді. Қимыл-әрекетке толық жағдай жасаудың, барлық бала ойыннан қуаныш табуға мүмкіндік жасаудың маңызы зор.

Ойын барысындағы іс-қимылды дұрыс сапалы түрде балаға жеткізіп бірнеше рет қайталап әдетке айналдырғанда, бала ағзасындағы зат алмасу артып, жүйке жүйесі белсенділігін танытып, қан айналымы жақсарады. Қозғалыс барысындағы жиі демалудан бала ағзасындағы оттегіге деген қажеттілік артады. Дене шынықтырудың арқасында баланың көңіл-күйі жоғарылап, жүйке жүйесі бекиді. Дене шынықтыру нәтижесінде бала өзінің іс - әрекетіне және топтық тәртіпке үйреніп, оның ережесіне бағынады. Бұл оның жан-жағындағы оқиғаға мән беріп қарауына, төзімді болуына, тәртіпті сақтауына септігін тигізеді.

Дене жаттығулары - дене тәрбиесінің негізі болып табылады. Дене жаттығулары баланың жас ерекшелігіне сай өзгеріп күрделене түседі. Жас шамасына қарай күрделене түскен жаттығулар өз құрамына күнделікті тұрмыстан, адам еңбектерінен, әскери қимыл қозғалыстардан сонымен қатар спорт түрлерінде кездесетін қозғалыс түрлерінен алынатын жаттығуларды енгізеді. Жаттығу кезінде баланың барлық тірек-қимыл мүшелері жұмыс жасап, барлық мүшелерінің іс-қимылдары дамып, жүрек, тыныс алу және жүйке жүйелерінің қызметі арта түседі.

Балабақша үшін жалпы дамыту жаттығуларын барлық топпен бір мезгілде орындатқан тиімді. Осы кезде қимыл-қозғалысты үйренуге барлық бала бірдей қатынасып, бірінен-бірі қалғысы келмей ат салысады. Келесі бірнеше баламен жұмыс арнайы жаттығу элементтерін меңгеру барысында әр баланы қозғалыс-қимылға үйретіп қадағалау негізінде белгілі бір жетістікке жету мүмкіндігі туады деп көрсетеді.

Балаларды қимылға үйретудің негізгі әдісі көрсету, түсіндіру және жаттығуларды балалармен бірге орындау болып табылады. Бұл әдістің қолдану барысы әртүрлі. Дене шынықтыру барысындағы қимыл-қозғалыс элементтерін орындаудың негізгі шарты оларды бірнеше рет қайталау және бірте-бірте жетілдіру болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттерінің бірі – балаға қимыл негіздерін үйрету. Негізгі қимылдарға жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу сияқты қимылдар жатады. Балаларды мақсатқа бағытталған қимыл жасауға, қажет кезінде қимылды тежеу әрекеттеріне үйрету керек. Қимылдың тәрбиелік әсері де зор: ойын, гимнастикалық жаттығулар мен еңбек үстінде балалардың кеңістікті бағдарлау, шапшаңдық, дәлдік, ептілік қасиеттері, ұжымдық қарым-қатынастары тәрбиеленеді. Қимылды дамытуды жоспарлағанда мынадай жалпы қағидаларды ескеру керек:

- 1) жаттығуларды, ойындарды, еңбек тапсырмаларын таңдағанда баланың қолынан келетін, оларды қызықтыратын, бүкіл ағзасының дамуына түгел ықпал жасайтын, бұлшық еттердің қимыл әрекетіне әсері барын сұрыптап алу;

- 2) ойындар мен жаттығулар еңбек тапсырмаларын орындауға, жүру, жүгіру, лақтыру, секіру, өрмелеу сияқты қимылдардың дамуына ықпал ететін, дұрыс дағдыны қалыптастыратын болуы керек;

- 3) физиологиялық жағынан әлсіз бұлшық еттерді нығайту, баланың тұлғасын дұрыс қалыптастыруға себепкер болуы керек;

- 4) ұжымда жұмыс істей білуге жетілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Қорыта келе айтарымыз, бала ағзасын қалыпты өсіру үшін мектепке дейінгі ұйымда баланың дене тәрбиесін ұйымдастыруға тәрбиешілер ерекше мән беруі керек.

Шешім:

1. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан- жақты дамуына жағдайлар туғызу.
2. Балабақшадағы сауықтыру- шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру

Меңгерушісі:



Р.И.Айтжанова

Хатшы:



А.А.Азимбаева



№ 4 пед. кеңес ХАТТАМАСЫ

15.01.2022 жыл

Ақсукеңт ауылы

Меңгеруші - Р.И. Айтжанова
Пед. кеңес хатшысы - А.А. Азимбаева

Қатысқандар:

Тәрбиешілер мен педагогтар - 27

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Аралық мониторингті талқылау
2. Педагог қызметкерлердің шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстарының жүргізілу барысын қадағалау
3. «Мектеп жасына дейінгі кезеңде тілдің үштұғырлығын дамытудың педагогикалық шарттары» баяндама

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әдіскер А. Айбекова сөз алды. Аралық мониторинг қорытындысы айтылып өтті. Алдағы уақытта балалардың білім беру деңгейін өз дәрежесіне дейін көтеру, білім беру бағыты айқындалған. Педагогтер мен тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары күннен күнге материалдармен толықтырылуда. Әр педагог қызметкер жасына байланысты балалармен жұмыс істеу тәжірибесін жүргізуде. Алдағы уақытта нәтиже яғни қорытынды жасауға болады.

«Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекетік бағдарламасы» мектепке дейінгі білім беру деңгейінде тілдерді дамыту және алдағы қолданудың әдістемелік қорын жетілдіруге бағытталған шамалар кешенін өткізуді, сондай-ақ мемлекеттік тілді үйрету мен қолдану саласындағы жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу бойынша практикалық шаралар кешенін іске асыруды, көптілділікті сақтауды болжайды.

Көптілділікті жаңарту үдерісін мектепке дейінгі жастан бастау керек, өйткені дамудың осы кезеңінде жеке тұлғаның қалыптасуының негізі қаланады.

Мектепке дейінгілердің тілдік сауаттылығының өзектілігі экономикалық, мәдени және саяси салалардағы жалпыға ортақ әлемдік ықпалдастыққа беталыста анықталады. Қазіргі еңбек нарығы маманнан әлеуметтік – саяси, көпмәдениетті, коммуникативті, ақпараттық құзыреттіліктерді меңгеруді талап етеді.

Көптілділік құзыреттілігі жеке тұлғаның әлеуметтік мәдени және кәсіби салалардағы сәтті іске асуына себепші болады, өркениетті диалог негізінде адамдық және іскерлік қатынасты құруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік тіл рухани және ұлттық бірліктің негізгі басымдығымен анықталған. Оны меңгеру, мектепке дейінгі жастан басталатын қоғамдық өмірге белсене араласатын және жеке бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын, ынталандырушы, әрбір Қазақстан азаматының борышы және міндеті болуы керек.

XXI ҒАСЫР ПЕДАГОГЫ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Үштұғырлы тілді оқыту оқу үдерісі барысында жүзеге асады және мектепке дейінгі білім берудің негізгі компонентінің бірі болып табылады.

Осы жағдайларды ескеріп, мектепке дейінгі ұйымдарға үштұғырлы тілді оқытуды ерте кірістіру орынды болып табылады. Дәл осы мектепке дейінгі жаста жеке тұлғаның базалық сапалары қалыптасады, дене, эмоциялық, ақыл-ойын дамыту негіздері қаланады. Мектепке дейінгі ұйымдарда ережедегідей тәрбиелік – танымдық үдеріс ойын әрекеті (оқу элементтері) арқылы субъект – объекттік қатынас жүйесіндегі берілген бағдарламаның аясында, тәрбиеші бағыттаушы және дамытушы түйін субъектісі, ал объект немесе дамушы түйін мектепке дейінгі болып табылады.

Үштұғырлы тілге оқыту қазіргі қоғамның мектепке дейінгі ерте жастан бастап тілдерді оқыту қажеттігін анықтайтын әлеуметтік тапсырыс болып табылады. Әлеуметтік тапсырыстың мәнінің жоғарылауына байланысты мектепке дейінгі ұйымдардың көпшілігі оны іске асыруға қосылды. Үштұғырлы тілдерді ерте оқыту бүгін мектепке дейінгі ұйымдарда, дамыту орталықтарында, мектепалды даярлықтың сыныптарында іске асырылуда.

Дара, жауапты және әлеуметтік мобильді қоғамда сәтті әлеуметтене алатын және еңбек нарығында белсенді бейімделетін жеке тұлғаны қалыптастыру міндеті, үнемі жеке басы өсетін, жеке өз өмірін белгілейтін және өзін дамытуға қабілетті педагогтарды дайындау қажеттігін анықтайды. Ғалымдардың белгілеуінше, педагогтың болашақта өзін дамыту анықтамасында үш мүмкіндігі немесе үш жолы бар: бейімделу жолы, өзін дамыту жолы және тоқырау жолы (қызметінің құлауы, жеке тұлғаның құлдырауы) бар.

Кәсіби-тұлғалық өсу және педагогикалық әрекеттің барлық кезеңдерінде өзін-өзі жетілдіру – жемісті педагог қызметінің міндетті жағдайы.

Үштұғырлы тілдер бойынша педагогтарға арналған әдістемелік ұсынымдар:

Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту сипаттамасы

- 4-5 жастағы балалардың тілін дамыту
- Байланыстырып сөйлеуді дамыту
- Тілдің грамматикалық дұрыстығы
- Тілдің лексикалық жағы

4-5 жастағы балалардың тілін дамыту

4-5 жастағы мектепке дейінгі оны қоршаған табиғатқа жануарларға, өсімдіктерге, ауа райы құбылыстарына белсенді қызығушылық көрсетеді. Осы жаста, ересектермен қарым-қатынаста «Неге?», «Не үшін?», «Қайдан?» сұрақтарын меңгереді.

Байланыстырып сөйлеуді дамыту

Балалар диалогтік және көплогикалық тілді меңгереді: айналасындағылармен тілдік қатынасқа шын көңілмен араласады. Қатынаста сұрақтар қояды, сұрақтарға жауап береді, жолдастарының жауабын тыңдайды, ұжымдық тілдесуге қатысады, жалпы кеңесуді қолдайды, кезекпен айтады, ауызекі қатынаста әңгімелесушіні бөлмей қойылған сұрақтың сипатына байланысты сөйлемнің әртүрлі түрлерін қолданады (тәрбиешінің көмегімен).

Сөздің грамматикалық дұрыстығы

Балалар жай сөйлемдерді еркін қолдану қабілеттілігін меңгереді. Мезгілдік, кеңістік, себеп-салдарлық байланыстарды беру үшін сабақтас құрмалас сөйлемдерді пайдаланады.

Тілдің лексикалық жағы

Белсенді сөздік мазмұнына ұйымдастырылған оқу әрекеті кезінде бірізгілікте 4-5 тен кем емес жаңа сөздер енгізіледі. Жаңа сөздердің ішінде, өзара ассоциациялық байланыста тұрақты байланысқан: жоғары-төмен, үлкен-кіші сөздерін сыңарымен қолдану керек.

Сөздік қорды дамытумен жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- белсенді және пассивті сөздікті байыту;
- сөздікті бекіту және нақтылау;
- сөздікті белсендіру;
- әдеби емес сөздерді шеттетуге;

1) заттар және құбылыстар бейнесін тұтастай қабылдаумен бірге сөздікті меңгеру;
2) сөздіктің өсуі сапаны, қасиетті, заттар мен құбылыстардың бөлігі, олардың қатынасын білдіретін сөздерді түсіну есебімен. Бұл үдеріс қабылдауға қабілеттілікті талап етеді, талдау және салыстыру ретінде ой операцияларын меңгеру;

3) лексикаға элементарлық түсініктерді білдіретін сөздерді кірістіру. Маңызды белгілері бойынша заттар мен құбылыстарды жалпылай білу.

Мектепке дейінгі жаста үштұғырлы тілді оқыту (қазақ, орыс, ағылшын) осы жастағы балалардың психофизиологиялық дамуына негізделген өзінің ерекшеліктері болады.

Психологтардың сендіруінше мектепке дейінгілердің қабылдауы, есте сақтауы, зейіні еріксіз сипатта болады. Балалар өзінің қабылдауын басқара алмайды, сол немесе басқа затты өзбетінше талдай алмайды. Балалардың есте сақтауы фотоға түсіргендей сипатта болады, бірақ сонымен бірге мектепке дейінгі өзінің қабылдағанын есте сақтауға тырыспайды.

Тілдің үштұғырлылығын дамытуға арналған лексикалық материалдар

4-5 жастағы балалар өзге тілдермен танысу кезеңінде үш тілде оқудың ерекшеліктерін үйренеді.

Екінші кезеңде лексикалық аумағын арттыру және грамматикалық құрылымын кеңейту жаңа лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымының (шамамен 4 жасар баланы оқыту кезеңімен салыстырғанда 40% - ға артады) қиындауы негізінде біртіндеп жүзеге асады. II кезеңнің соңына қарай 5-6 жастағы балалармен 150-180 лексикалық бірлік меңгерілу керек. Әрбір тақырыпты өткеннен соң бақылау жүргізіледі. Ол үшін қайталауға және бекітуге, сондай-ақ қайта өңдеуді қажет ететін сөздерді анықтауға және құрастыруға қосымша уақыт бөлінеді.

4-5 жастағы балалармен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін аптасына 1 рет, ал 5-6 жастағы балалармен аптасына екі реттен 20-25 минут ұзақтығымен өткізу ұсынылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін таңғы уақытта өткізу тиімді (сағат 10-нан 12 ге дейін).

Негізгі материалды балалар ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде меңгеру керек.

Грамматикалық дағдыларын қалыптастыру

Балалармен тілдің грамматикалық жағын меңгеру сөйлеудің үлгісі негізінде жүзеге асады, функционалды қолдану, сөйлеушінің коммуникативті ойын білдіреді. Балалар зат есімнің жекеше және көпше түрлерін, етістіктің осы шақ, келер шақ, өткен шақ формаларын (Present Indefinite Tense, Future Indefinite Tense), 3-ші жақтағы етістіктің жекеше түрін жіктеу формаларын меңгереді. Сөйлеу үлгісін дұрыс қолдану негізінде сөйлемнің құрылымын меңгереді, балаларға берілген қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сөйлемдердің сөздік ретін түсінуге көмектеседі.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде балалармен жұмыс келесідей жұмыс түрлерімен қолданылады:

1. Айтылуы бойынша жұмыс:

- а) ертегілер;
- б) жаңылпаштар;
- в) ұйқастыру.

2. Ойыншықтармен жұмыс:

- а) ойыншықпен диалог;
- б) ойыншықты бейнелеу.

3. Суретпен жұмыс:

- а) суретпен баяндау;
- б) «Не жоғалды» ойыны;
- в) «Суретті тап» ойыны.

4. Өлеңдерді жаттау және мәнерлеп айту:

- а) өлеңдер сайысы;
- б) сөзін сөйлеуде мәнерлеп айтуы, көңіл-күй өзгеруінің декламациясы (оптимистік, қайғылы,

ашулы және т.б.).

5. Әндерді жаттау:

а) әнді тыңдату.

6. Қысқаша әңгімелер мен көріністерді сахналау.

7. Қимыл-қозғалыс ойындары.

8. Жай ойындар.

9. Шығармашылық ойындары.

10. Ситуациялық диалогтарды орындау.

11. Суретке қарап әңгіме құрастыру.

12. Әріптерді жаттау.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті негізінде айтарлықтай дәрежеде мазмұнға сәйкес қолданылатын дидактикалық материалдарға, топтасуына байланысты топта жұмыстар ұйымдастырылады.

Балаларға үштұғырлы тілді оқыту әдістемесі

Ағылшын тілін оқыту әдістемесінің балалардың жасына сай әзірленуін ескеру керек.

Ойын әдістемесі балаларды да, тәрбиешілерді де қызықтырады, балалардың жасына және жүргізілетін іс-әрекет түрлеріне тиімді әсер етеді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде ойын элементтері қолданылады.

Зайцев методикасы үш жасар балаларға арналған. Әдістеме алғашында қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыруға әзірленген. Ендігі кезекте оны ағылшын тілін үйрету үшін бейімдеп, лайықтады. «Зайцев текшелеріне» ағылшын тіліндегі әріптер қолданыла бастады.

Глен Домен әдістемесі нәрестелерге арналған. Баланың көру есіне әсер етеді, болашақта білім беру үрдісінде оқуға көмектеседі және сөздерді есте сақтауға әсер етеді. Әдістеме қарапайым, өздігінше карточка ретінде әзірлеуге болады. Карточкалармен тек сәбилер ғана емес, сонымен қатар ересек жастағы балалар да, мектепке дейінгі жастағы балалар да қолдана алады.

Жобалау әдістемесі 4-5 жастағы балаларға арналған. Педагог сабақтардың бөлімдеріне қарай, балаларды қызықтыратындай тақырыптар таңдайды. Балалар өзбеттерінше жасайтын тапсырмалар алады (немесе ата-аналарына көмектеседі). Қорытынды сабақтарда жобалау тақырыбында балалар өздерінің шығармашылық жұмыстарын ұсынады.

Өз беттерінше орындалатын шығармашылық жұмыстар

Тілдік кеңістіктерге арналған заттық-дамытушы орта өзімен бірге:

- кассеталардағы музыкалық аудиоматериал, дискілер немесе өзге де тасымалдаушылар;
- ситуациялық, рөлдік, лексикалық мазмұны бар театрландырылған ойын;
- ертеңгіліктер, балалар өздерінің жетістіктерін көрсете алатын мерекелер.

Негізгі амалдар

а) балаларға таныс емес тілдегі үлкендердің сөздеріне еліктеу;

б) көру, есту және пластикалық бейнелерді қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде оқытудың вербальді емес құралдарын меңгеру (сурет, заттардың графикалық келбетін және сөйлемдердің құрылымы, музыка);

в) дидактикалық-оқу ойындарын қолдану;

г) жұмбақтар;

д) балалардың өзін-өзі бағалауына арналған драмаланған ертегілер және кішігірім әдеби қойылымдар;

Жұмыстың қағидалары

1. Вербальді және материалды мадақтаудың түрлі құралдарын қолдану.

2. Сөйлеу қабілеттерін арттыратын педагогтармен балалар арасындағы өзара қарым-қатынасты қалыптастыру.

3. Лексиканы жүйелі жүргізу: лексикалық тапсырмаларды бекітетін сөздерді қолдану.

Соңынан жинақталған сөздік қорын күнделікті өмірде белсенді пайдалану.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылындағы дайындығы.
2. Бастапқы мониторинг қорытындысы.
3. Тіл мерекесіне арналған «Тілім менің тірегім» іс шарасын талқылау, «Қош келдің алтын күз» мерекесінің сценариін бекіту.
4. Ұйқы ашар жаттығуы, шынықтыру шараларының бала ағзасына пайдасы және жаттығулар кешені.
5. Жалпы ата- аналар жиналысының жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі бүгінгі кеңеске қатысып отырған педагогтарды түгелдіп, жаңа оқу жылының алғашқы меңгеруші жанындағы кеңес отырысының күн тәртібінде қаралатын мәселелерімен таныстырды. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылындағы дайындығы жайында балабақшадағы топ тәрбиешілерінен сұрады. Жарыс сөзге шыққан топ тәрбиешілері: М.Сейдуанова, М.Абдужалилова, Ж.Тайбекова, М.Искакова, З.Болатбаева, Мехманова С, Г. Куралова, Л.Бимурзаева, Г.Ниязалиева, И.Ирисбаева, Г.Айтбаева, Ш.Юсувалиева өз топтарының жаңа оқу жылына қарай баланың жас ерекшеліктерімен стандарт талаптарына сай жабдықталып қойғанын айтты. Барлық балаларға орындар саны жеткілікті, стандарт талаптарын сақтай келе әрбір орталықтар жасақталғанын және биылғы оқу жылының ерекшелігі әрбір топ баланың қызығушылық сезімін оята келе «Біз оқитын ертегі кітаптар», «Менің сүйікті кітабым», «Кел, балалар, оқылық» бойынша кітаптар бұрышын жасақталғандығын айтты.

2. Екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Азимбаева бастапқы мониторинг қорытындысының есебін айтты. 2021-2022 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдылары бойынша тәрбиеленушілердің бастапқы мониторинг нәтижесі; 51,60% үлесті құрады.

3. Үшінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтары арасында тіл мерекесіне арналған «Тілім менің тірегім!» іс шарасын талқылау жайлы жарыс сөзге шыққан педагогтары саз жетекшілері: Мадалиева Л, Халикулова Ф, қазақ тілі мұғалімдері: А.Азимбаева, Балтабекова Д балабақша ішілік өткізілген іс – шараның мақсаты: Мемлекеттік тілдің маңызы туралы түсінік беру. Сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі қазақ тілін ұрпақтың бойына сіңіре білуге және туған жерін сүйуге, қадірлеуге, бағалап мақтан етуге тәрбиелеуболатын. Іс-шара өз

5. Балалардың қысқа мерзімді есте сақтауын ескере отырып, өткен тақырыптарды қайталап отыру керек.

6. Айту дағдыларын дамытуға бағытталған дұрыс тілдік құрылымды оқыту.

7. Сыңарлық және топтық оқытуға ерекше көңіл бөлу. Бұл топта жағымды психологиялық ахуалды белгілеуге көмектеседі және тілдік тосқауылды алып тастайды.

8. Педагогтың сұрақтары мен нұсқаулығына реакция жылдамдығын дамытады.

Ұйымдастырылған оқу әрекетін өткізудің үлгілік жоспары

Сәлемдесу.

2. Фонетикалық жаттығу.

3. Өтілген лексикалық материалды қайталау.

4. Қимылды ойындарды қолданып жаттығу.

5. Өтілген және кірістірілген жаңа лексикалық материалды белсендіру.

6. Ұйкастыру мен тақпақтарды жаттау.

7. Ағылшын мультфильмдерін көру.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Педагог қызметкерлердің шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыстары жүйелі жүргізіліп отырсын.

2. Мектеп жасына дейінгі кезеңде тілдің үштұғырлығын дамытудың педагогикалық шарттары орындалып, жұмыс атқарылсын.

Меңгерушісі:



Р.И.Айтжанова

Хатшы:



А.А.Азимбаева



№ 5 пед. кеңес ХАТТАМАСЫ

27.05.2023 жыл

Ақсукеңт ауылы

Меңгеруші	-	Р.И.Айтжанова
Пед.кеңес хатшысы	-	А.А.Азимбаева

Қатысқандар: Тәрбиешілер мен педагогтар - 30

Күн тәртібінде:

Жаңа технологияларды іс – тәжірибеге енгізудегі инновациялық технологиялар – дөңгелек үстел

1. Оқу жылындағы балабақшаның жұмысының қорытындысы
2. Пед. кеңес шешімдерінің орындалуы
3. Жаңа оқу жылының міндеттерін айқындау
4. Жазғы шынықтыру – сауықтыру шаралары, жоспары мен ұоқ кестесі, күн тәртібін бекіту

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі пед кеңесте қаралатын мәселемен балабақша әдіскері А.Айбекова таныстырып өтті. 2021-2022 оқу жылын қорытындылап өтті. Бөбекжайдағы ең басты біздің жетістігіміз ол балаларымыздың денсаулығы мықты, өсіп – жетілген, білімді, тәрбиелі болып оқу жылын аяқтағанымыз. Сонымен қатар ауданнқ білім бөлімінің ұйымдастыруымен ұйымдастырылып отырған байқауларына қатысып жүлделі орындар алғанымыз. Алдағы уақытта да жетістігіміз молынан болады деп ойлаймын. Келесі мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Р.И.Айтжанова жазғы сауықтыру - шынықтыру жұмыстарының жоспарын талқылады. Бөбекжайдағы балаларды салауатты өмір салтына үйрету баланың денсаулықты сақтау, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік құзіреттілігін арттыру.

- Тапсырма:
- Балалардың денсаулығын нығайту
- Баланы салауатты өмір салтына үйрету
- Баланың қызығушылығын арттыру
- Қоршаған орта мәдениетімен таныстыру
- Жазғы демалысты ұйымдастыру шаралармен тәрбиешілерді таныстыру
- Ата-аналармен бірге баланың жазғы демалуына жағдай жасап , жұмысты жүргізу. Балабақшадағы тәрбиеленуші балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарының сәтті өтуі көбінесе оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының оған қаншалықты сауатты және уақтылы дайындалғандығымен анықталатындығын айтып пед кеңесті қорытындылап қаулы қабылдады.

Жазғы шынықтыру – сауықтыру шаралары, жоспары мен ұоқ кестесі, күн тәртібін бекітілді.

Шешім:

1. Балабақшаның жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары бекітілсін, жұмыстарды қадағалау бөбекжай әдіскері Б.Арыстанбаева, балалардың денсаулығын және тамақтануларының маңыздылығын қадағалау медбике Х.Сауыроваға және дәмбике Г.Шонмырзаеваға жүктелсін.

Менгерушісі:



Р.И.Айтжанова

Хатшы:



А.А.Азимбаева

